

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер

ЖАРИЯЛАНДЫ
22.01.2018

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/27052/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Оңтүстік Қазақстан облысы

Ордабасы ауданы

Абай атындағы жалпы орта мектебі

Пән мұғалімі:Алтынбекова.Г

Мерзімі: 13.01.2018ж

Сабақтың тақырыбы	Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер	
Мақсаты	Өз әріптестеріме Қазақстандық мұғалімдердің қарқынды өзгеріп жатқан әлем жағдайында үздіксіз кәсіби дамуға дайын болуын, жеті модуль мән мәтінінде әдістемелік жұмыстың тиімділігін қолдана отырып, іс-тәжірибесін жетілдіру мақсатында оларды жаңа әдіс-тәсілдермен қаруландыру.	
Күтілетін нәтижелер	-Оқыту әдістемесінде уақтылы, қажетті, сындарлы кері байланыс ұсыну; -Топпен бірлесіп отырып берілген тақырыптар бойынша пікір алмасуға қатынасу; Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерге сүйене отырып, жұмыстарды орындау барысында интерпретациялық диалогқа бағыттау;	
Түйінді идеялар	1)Топпен,жүппен,жеке жұмысқа жұмылдыру 2) Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерін ұйымдастыру арқылы оқудың сапасын одан ары арттыру	
Табыс критерийлері	Жаңа алынған білімді айқындайтын және ұштайтын деңгейде оқушыда шешім қабылдай алатын мүмкіндік беруді үйренеді.Оқығанын өзіндік ойлау тұрғысынан көрсете білуін қадағалайды.	
Сілтеме	Нұсқаулық,слайдтар,ғаламтор материалдары	
Әдіс-тәсілі	Топқа біріктіру,кері байланыс,АКТ	
Коучингтің өту барысы	Коучтің іс-әрекеті	Мұғалімдердің іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі	Зейінді шоғырландыру. «Капитан» ойыны арқылы зейінді шоғырландырып әрі топқа біріктіремін.	Мұғалімдер ойындағы іс-қимылдарды орындай отырып, топқа біріктіру.
5 мин	«Іскерлер», «Кәсіпқойлар» тобына бірігеді.	Ойлан, топтас, пікірлес Мұғалімдердің коучингке деген қызығушылығын ояту
Кіріспе Ой қозғау кезеңі 10 минут	Бейнекөрініс:«Жаңа технологиялар» / Бейнетаспа бойынша сабақтың тақырыбын анықтау / «21 ғасырда сіз мені қалай оқытасыз?»	Еске түсіру. Бейнетаспадағы көріністерді талқылайды.Идея ұсынады,дәлелдейді.Нақты идеяны табуда зерттеушілік жүргізеді.Сыни тұрғыдан ойлана отырып,көзқарастары өзгереді.

Мағынаны тану
35 минут

«Жүгіртпелі шынжыр» әдісі топта бір қатысушы хатшы сайланады қалғандары тақтада ілінген А4 қағаздағы сөздерді кезекпен барып, оқып, хатшыға келіп жаздырады. Соңында толық мәтін шығады.

«Ақпараттағы ақаулық» әдісі де оқушыларға аса қызықты. Бұл әдісті көбіне оқырмандықты дамыту сабағында қолданып отырдым. Мәтінді өз беттерінше меңгергендерін тексеру үшін тиімді болды. Мәселен, мәтіннен бірнеше сөйлемді оқимын, олардың біразында мәтінге қатысы жоқ сөздер немесе бүтін сөйлемдер қосып отарамын. Мәтінді жақсы меңгерген оқушылар қателікті бірден тауып отырды. Ал мәтінді толық оқымаған оқушылар қателікті аңғармай, қалған оқушылардың күлкісін тудырды. Сонысымен де бұл тәсіл балалар үшін қызықты болды.

«Түйінді ойлар пирамидасы» әдісі әр оқушының өзіндік пікірін қалыптастырып, өзіндік ойын түйіндеп айтуына жәрдемдеседі. Бірақ бұл тапсырманы тәрбиелік маңызы жоғары мәтіндерді оқытқанда қолдану тиімді бола түседі. Оқушылар оқыған тақырып бойынша түйінді ойларын пирамидаға маңыздылығына байланысты жоғарылау отырып орындайды. Яғни, ең маңызды бір түйінді сөз пирамиданы төбесіне жазылады. Астына екі сөзден тұратын тіркес, оның астына үш сөз, сосын төрт сөзден тұратын тіркес немесе сөйлем, ең астына бес сөзден тұратын түйінді сөйлем жазылады. Бұл тәсіл «Бес жолды өлең» тәсіліне ұқсас болғанымен, одан түбегейлі айырмашылығы бар. Мұнда түйінді ойлардың белгілі бір сөз табына қатыстығы талап етілмейді. Тәсіл оқушыларға тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін қорытып айта білуге, пікірлерді маңыздылығына қарай сұрыптай алуға, топта бірлескен бір пікірге тоқтам жасай алуға үйретеді. Алғашқыда барлығының бір тоқтамға келуі өте қиын болды. Келе-келе бір-бірінің пікіріне құлақ қойып, тыңдауға мойынсұна бастады.

«Таза тақта» әдісі Оқушылар өткен тақырып бойынша тақтаға сұрақтар немесе ережелер жазып тақтаны толтырады, содан кейін әр сұраққа жауап беріп, өшіріп отырады. Соңында барлық сұрақтарға жауап бергенде тақта таза болып шығады.

«FILA» кестесі. I нұсқа Оқушылар топтарға бөлінеді. Барлығына бір мәтін беріледі. Сол мәтін бойынша арнайы кестені толтырады. Кесте 4 бағаннан тұрады:

1. Мәтін ішінен түйінді сөздерді теріп жазу.
2. Мәтін бойынша сызба түрінде конспект жасау.
3. 3. Мәтін бойынша сұрақтар құрастыру.
4. Мәтіннің ішінен негізгі идеясын бейнелейтін сөйлемдерді теріп жазу

Мұғалімдер топтарынан бір хатшы сайлап, қалғандары кезекпен тақтада ілінген мәтіннен сөздерді көріп келіп, хатшыға жаздырады. Соңында топтар толық мәтінді ортада оқып, дұрыс мәтінмен салыстырады. Мұғалімдер берілген мәтінді оқып, танысып, жауып қояды. Мәтін оқылған соң, ішінен мәтінге қатысы жоқ сөздер мен сөйлемдерді анықтайды. Мұнда оқушылардың мәтінді қалай меңгергендерін анықтауға болатындығын түсінеді.

Мұғалімдер берілген мәтін бойынша жеке оқып, топта талқылап, түйінді ойларын пирамидаға маңыздылығына қарай орналастырады. Бұл әдістен оқушылардың тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін қорытып айта білуге, пікірлерді маңыздылығына қарай сұрыптай алуға, топта бірлескен бір пікірге тоқтам жасай алуға үйренетіндігін біледі.

Мұғалімдер бүгінгі өткен әдістерді қалай қолданатындығы туралы сұрақтар мен ережелерді жазып, содан соң әр сұраққа жауап беріп, өшіріп отырады. Бұл әдісті қолдану арқылы оқушылардың сабақты қалай меңгергендерін біледі.

Мұғалімдердің барлығына бір мәтін беріледі. Сол мәтін бойынша арнайы кестені толтырады. Кесте 4 бағаннан тұрады. Мұғалімдер бұл әдіс бойынша оқушылардың мәтінді толық түсініп, талдап, тақырыбы мен идеясы н меңгеретіндігін біледі.

Қорытынды
5 минут

Әр саусақ - сіздің әр позицияңыз, сол туралы сіз өз ойыңызды білдіріңіз:

Бас бармақ - мен үшін бұл маңызды.../ маңызды емес...

Сұқ саусақ- мен нақты кепілдеме / ұсыныс / жауап алдым / мен ешқандай жаңалықты көрмедім...

Ортаңғы саусақ — маған қызықты болды, жеңіл, ұнады / қызық емес, қиын, ұнамады

Аты жоқ саусақ- менің психологиялық ахуалым бағалауым

Шынашақ - өзім үшін ізденіп табуым керек

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.